

Бөрлі аудандық мәслихатының 2010 жылғы 3 наурыздағы N 18-9 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2011 жылғы 12 шілдедегі N 28-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 1 тамызда N 7-3-114 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 18 сәуірдегі N 3-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихаттың 2012.04.18 N 3-6 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Батыс Қазақстан облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 2010 жылғы 9 желтоқсандағы N 3/9-3409 хатын басшылыққа алып, аудан мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бөрлі аудандық мәслихатының "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2010 жылғы 3 наурыздағы N 18-9 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-3-91 тіркелген, 2010 жылғы 9 сәуірдегі "Бөрлі жаршысы-Бурлинские вести" газетінде N 29 жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауданның келесі мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына ай сайын әлеуметтік көмек көрсетілсін:";

1 тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

М. Махауова

Аудандық мәслихат хатшысы

И. Измагамбетов